



XGTAMP 04.41.41

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-508-518>

Ғылыми мақала

Қазақстандағы ішкі миграциялық процесс тенденциялары

Е.Арғынбек¹, Н.О.Байгабылов², А.Абуова²

¹Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі аналитикалық департаменті, Астана, Қазақстан

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ersinbek_vko@mail.ru, baigabylov_no@enu.kz, akmanat.dauletkyzy@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан жастарының ішкі миграциясының негізгі себептері зерттелген. Зерттеу барысында жастардың ішкі көші-қонына ықпал ететін факторларын айқындауға ерекше назар аударылады. Талдау жүргізу үшін қазіргі уақытта ел ішінде қоныс аударған жастар арасында жүргізілген зерттеулер негіз болды. Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ішкі көші-қонға әсер етуші негізгі себептер анықталып, тенденциялар тұжырымдалды. Миграциялық процестер аймақшілік және өңіраралық миграцияға әсер етуші факторлар мен себептерді түсіндіруге ықпал етеді. Бұл мақалада еңбек миграциясы, атап айтқанда жастардың көші-қон мәселесі талқыланады, себебі мигранттардың басым бөлігі - бұл 15 пен 35 жас аралығындағы жастар. Мигранттар саны жыл өткен сайын артып барады. Көші-қон процестері өзге этникалық ортадағы параллель мәдениеттер мен параллель қоғамдар секілді бірқатар этноәлеуметтік мәселелерді тудырады.

Бүгінде жастардың тұрақты көші-қон модельдері біртіндеп уақытша және циркулярлы қозғалыстар тәжірибелерін ығыстыруда. Мемлекеттің қызметімен реттелетін қоғамдық өмір бағыттарының үлкен спектрінде көші-қон саясаты – біздің еліміз үшін күрделі мәселелердің бірі.

Жастар көші-қоны, ең алдымен, оның білім алуына байланысты жеке дербес зерттеу бағыты болып табылады. Білім алу мақсатында көші-қон туралы бастапқы шешім қабылданған кезеңге қарай назар бірте-бірте ең жас буынға ауысады. Мұндай шешім жас адамның кейінгі өміріне де, жалпы адам капиталының кеңістіктік бөлінуіне де үлкен әсер етеді. Үздік жастар үшін бәсекелестік өңірлерді дамытудың маңызды факторына айналуға.

Түйін сөздер: миграция, демография, халық, еңбек мигранттары, ақша аударымдары, көші-қон ағыны, жұмыс күші, көші-қон процестері.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы – әлемнің адам ең аз қоныстанған елдерінің бірі. Мемлекеттің кең территориясы болғанымен халықтың саны салыстырмалы түрде аз. Осыған қарамастан, соңғы 10 жылда Қазақстанда халықтың жыл сайынғы өсімі байқалуда. Халықтың көбеюі табиғи өсіммен қатар миграциялық ауысулармен де байланысты. Алайда, статистикалық мәліметтерге әлеуметтанулық көзбен қарайтын болсақ, миграциялық процестерден кері сальдоны байқаймыз. Бұл дегеніміз – елге келушілерден көрі көшіп кетіп жатқандардың саны көп деген сөз. Кетушілер арасында жастардың санының көп болуы, мемлекет тарапынан нақты шешімдер қабылдауды талап ететіндігін байқаймыз. Сыртқы миграциялық құбылыстармен қатар ішкі көші-қон мәселелерінде зерттеуді қажет ететіндігін статистикалық деректерден байқаймыз. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 5-ші қыркүйектегі 1346-қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының миграциялық саясатының тұжырымдамасы бойынша көші-қон мәселелері мемлекеттің қауіпсіздігіне, елдің экономикалық даму және демографиялық жағдайына әсер етеді, көші-қон саясаты еліміздің сыртқы және ішкі саясатының негізгі құрамдас бөлігі, оны жүзеге асыру мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болуы тиіс, көші-қон саясатының субъектілері – орталық және жергілікті атқарушы органдар болып табылады[1]. Кей аймақтардағы жастар санының күрт азаюы, сол аймақтың экономикалық дамуына әсер ететіндігін, тіптен ол өңірлердегі халықтың өсу көрсеткішінің мүлдем төмен екендігін байқаймыз. Сондықтан ел ішіндегі көші-қон бағыттарын анықтау, оларға баға беру, сонымен қатар сыртқы миграциялық процестерге қатысты жастардың үлес салмағын, олардан келіп кететін ықпалды бағамдау – зерттеу мақсаты.

Әдіснама

Негізгі зерттеу әдісі әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау және синтездеу. Ол келесі зерттеу әдістері мен тәсілдерін қамтиды:

Мақаланың әдіснамалық негізін ғылымилық, тарихи, әлеуметтік процестерді зерделеудің кешенді тәсілі құрайды. Мақалада талдау, синтез және типологиялық әдістері, құрылымдық-функционалдық және жүйелік талдау әдістері (Э. Дюркгейм, Т. Парсонс, Р. Мертон), әлеуметтік құрылым мен әлеуметтік кеңістікті (П. Сорокин, Э. Гидденс), көшіп-қонушылардың әлеуметтік желілерін (А. Портес, М. Кастельс), көші-қонның синтетикалық теориясы және көші-қонды зерттеуге интерпретативтік тәсіл шеңберінде әзірленген әдістер (Д. Массей, Т. Файст) қолданылады.

Әдебиеттерге жүйелі шолу: тақырып бойынша жарияланған ғылыми жұмыстарды зерттеу және сыни талдау. Ғылыми мақалалардан, кітаптардан, конференциялардан және басқа көздерден ақпаратты іздеуді, іріктеуді және синтездеуді қамтиды, ғылыми әдебиеттерде ұсынылған «Миграция» ұғымының мазмұнын анықтау тәсілдеріне теориялық талдау жасалынды.

Тарихи талдау: көші-қон саласына қатысты тарихи деректер мен тенденцияларды зерттеу және талдау.

Мәліметтерді екіншіреттік талдау. Жоғарыда көрсетілгендей мақалада біршама авторлардың ғылыми жұмыстарына шолу жасалып, көрсетілген мақалалар негізінде талдау жүргізілді.

Талқылау және нәтижелер

Мемлекет үшін миграциялық саясатты дұрыс бағдарлай білу өте маңызды болып табылады. Қоғамды дұрыс басқару үшін сонымен қатар, тиімді әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізу үшін миграциялық ағымдардың көлемі мен мигранттардың жалпы саны мен құрамын бағдарлау және миграцияның пайда болу себептерін және салдарын анықтай білу қажет. Демографиялық процестердің ішінде халықтың миграциясы маңызды орын алады. Себебі, көші-қонға қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге шұғыл көңіл бөлетін жауапты сипат тән. Халықтың миграциясы демографиялық жағдайларға, тұрғындар санының бірден көбеюіне немесе азаюына, оның жастық және жыныстық құрылымына тез және белсенді түрде ықпал етеді. Тәуелсіз еліміздің одан ары қарай дамуына үлес қосатын ең негізгі күш жастар болып табылады. Ал, қазіргі таңда шетелге кетіп жатқан жастардың саны жыл санап артып келе жатыр. Бұл еліміз үшін өте маңызды мәселелердің бірі.

Кесте 1

Қазақстан Республикасындағы соңғы 10 жылдағы миграциялық көрсеткіштер

	Жалпы миграциялық сальдо	Сыртқы миграция		Ішкі миграция	
		Кел	Кету	Аймақаралық	Аймақ ішінде
2014	11,0	53,4	42,4	139,5	172,2
2015	1,1	46,4	45,3	158,0	186,4
2016	7,5	41,5	34,0	171,9	192,8
2017	15,5	42,1	26,5	173,3	192,8
2018	5,1	38,0	32,9	175,1	189,6
2019	-1,4	28,3	29,7	146,4	191,4
2020	-0,3	24,1	24,4	146,2	191,1
2021	-12,2	16,8	28,9	177,3	228,3
2022	-13,5	16,6	30,0	202,8	252,7
2023	-21,1	13,8	34,9	296,8	320,1

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Статистикалық комитеті <https://stat.gov.kz/>

Халықаралық көші-қон ұйымының терминологиясына сәйкес «Миграция» термині халықтың халықаралық шекара арқылы не ел шегінде жүріп-тұру процесі ретінде түсіндіріледі. Миграция процестің ұзақтығына, құрамы мен себептеріне қарамастан

орын ауыстырудың кез-келген түрін қамтиды [3]. Қазіргі қоғамда көші-қон процестері – әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарағанда кең тараған және маңызды құбылыс. Миграциялық процеске жыл сайын жер шарының тұрғындарының 2-3% қатысады.

Қазақстан да әлемдік көші-қон үрдістерінен бейтарап емес. Көші-қон демографиялық тапшылықты жеңуде және мемлекеттердегі жұмыс күшінің жетіспеуінде жағымды әрі жағымсыз әсер етіп жатады. Сондықтанда көші-қон мәселесін зерттеу, оған бағыт-бағдар жасау – өзекті тақырыптардың бірі.

Саны бойынша ішкі көші-қонды талдау жалпы көші-қон есебін талдау кезінде негізгі құрамдас бөліктердің бірі, ол азаматтардың ішкі орын ауыстырудағы жалпы үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Көші-қон – күрделі әлеуметтік құбылыс, оның бірнеше себептері бар, атап айтқанда өмір сүру сапасын жақсартуға талпыну, жайлы жұмыс жағдайларын іздеу және денсаулыққа айрықша мән беру, мәдениетті дамыту қажеттілігі, аймақтағы экологиялық жағдай мен климаттың өзгерістерге ұшырауы, заңды некеге тұру және т.б. себептермен тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, әрбір адам өзі үшін маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыруға ұмтылады және соған лайықты мекен іздейді.

Жалпы 2013-2023 жж. кезеңінде халықтың көші-қон сальдосы (-11261) адамды құрайды. Ең жоғары көші-қон ағыны Қарағанды облысында байқалады, онда көші-қон сальдосы (-5,5) мың адамды құрайды. Халықтың негізгі кетуі елдің шекаралас өңірлерінен Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады. Сонымен қатар ірі Астана (9256 адам), Алматы (11248 адам) қалаларынан да шетелге қоныс аударғандар саны көп [4]. Миграциялық сальдодда олар көрінбегенімен салыстырмалы түрде басқа региондарға қарағанда саны жағынан көп екендігін байқай аламыз. Ал сальдонның ең көп көрсеткіш көрсетуін ішкі миграцияның осы қалаларға бағытталуымен түсіндіруге болады.

Қазақстан Республикасының ішкі көші-қонында 2013-2023 жж. кезеңінде әйелдер саны ерлерге қарағанда көп. 2009 жылы әйелдер үлесі 55,4%, ерлер-44,6%, 2019 жылы 53,7% және 46,3% құрайды [5].

Осылайша, 2013-2023 жылдары Қазақстан Республикасындағы демографиялық үдерістер мынадай динамиканы көрсетті:

– халық саны көбінесе халықтың табиғи өсімі арқылы өсіп келеді, атап айтқанда туу деңгейі есебінен;

– халықтың жыныстық-жастық сипаттамасында қолайлы жағдай сақталуда: халықтың едәуір үлесі репродуктивті жаста;

– қала халқы санының артуы, ауылдардағы инфрақұрылымның нашарлауы мен жұмыссыздық деңгейінің артуымен байланысты.

Көші-қон ағындарына қатысты мынаны атап өтуге болады: сырттан көшіп келушілердің азайғанын көрсетеді. Мысалы, 2013 жылы Қазақстан Республикасына шетелдерден 20,8 мың адам келді, ал 2023 жылы тек 5,4 мың адам келді, бұл 3,5 есе аз. Соңғы 5 жылда Қазақстандағы көші-қон сальдосы - 48 481 адамды құрайды. Бұл дегеніміз алаңдауға тұрарлық ақпарат. Себебі Қазақстаннан кетіп жатқандардың көбі еңбекке жарамды азаматтар. Нақтырақ айта кетсек ІТ мамандары, экономистер,

ауырөнеркәсіп саласында жұмыс атқарғандар. Сондықтанда Қазақстан экономикасы үшін келешекте тұрақтылықты сақтау үшін, миграциялық құбылыстарға назар аудару, олардың бағыттарын саралау маңызды. Адами ресурс қай қоғамда болмасын маңызды орындарға ие, оларды жоғалтпау мемлекеттің мүддесі болуы тиіс.




Диаграмма 1. Ішкі миграциядағы әйелдер мен ерлердің үлесі

Демографиялық факторлардың халықтың көші-қоны деңгейіне әсерін зерттеу шеңберінде, елдегі көші-қон ағындарына әсер етуі мүмкін халықтың мынадай демографиялық параметрлерін атап өтуге болады:

* Жасы. Халық жас болған сайын, соғұрлым динамикаға ие және әлеуметтік ауыртпалық болмаған кезде неғұрлым ыңғайлы жағдайларға ұмтылады.

* Жынысы. Ер адамдар, отбасы басшысы ретінде, жақсы жұмысқа деген ұсыныс болмаған жағдайында, неғұрлым дамыған еңбек нарығы бар жерлерге кетеді.

Қазақстандағы көші-қон процесіне қатысқан 100% адамның 53%-ы 18-29 аралығындағы жастар. Көбінесе осы жастағы эмиграция үшін мотивация – оқыту және біліктілікті арттыру. Сонымен қатар бұл статистикалық деректерде жас отбасылардың санының көп екендігін байқай аламыз. Әсіресе шетелге оқуға байланысты немесе түрлі себептермен қоныс аударып жатқан жас отбасылардың елге қайту көрсеткіші аз.

Ішкі көші-қон Республика шегінде халықтың орын ауыстыруын, атап айтқанда өңіраралық және аймақшілік көші-қонды қамтиды. Соңғы 10 жылда ішкі көші-қонда айтарлықтай өзгерістер болды. Мәселен, өңіраралық көші-қон 2013 жылы 172,2 мың адамнан 2023 жылы 320,1 мың адамға дейін өсті, яғни өсім 1,8 есе, ал өңірішілік көші-қон тиісінше 139,5 мың адамнан 296,8 мың адамға дейін немесе 2 еседен астам ұлғайды. Ішкі көші-қонның ауқымы сақталуда, ең алдымен ауылдық жерден ірі қалаларға көшу байқалады. «Ауыл-қала» көші – қонының маңызды ауқымының негізгі себептерінің арасында – жұмыстың болмауы, ауылдық жерлердегі әлеуметтік сала объектілерімен қамтамасыз етудің төмендігі көзге түседі [6].

Соңғы 10 жыл ішінде өңіраралық көші-қон үрдісі мынандай бағыттарды байқатады: Көштің басым бөлігі Астана мен Алматы қалаларына ұмтылуы, Оңтүстік және батыс өңірлерінің халқы арасында қалаларға көшуі байқалады. Ал елдің Солтүстік аймақтарындағы халық санының соңы 5 жылдағы өзгерісінің аз болуы, бұл аймақтарға көңіл болуді қажет етеді. 2013-2023 жылдар бойы көші-қонның оң сальдосының ең жоғары мәні Астана қаласында, Алматы қаласында және Маңғыстау облысында қалыптасты.

Астана қаласындағы көші-қонның негізгі ағыны Ақмола облысынан (ең көп адам саны), Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Алматы қаласынан келеді. Алматы қаласындағы көші-қонның негізгі ағындары: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары және Астана қаласы сияқты өңірлерден келеді.

Көші-қонның теріс сальдосының ең үлкен мәні Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облысы сияқты өңірлерде байқалады. Қазіргі уақытта халық негізінен экономикалық өсудің өңірлік нүктелеріне емес, дамыған қалалық агломерацияларға (Астана, Алматы қалалары) және өмір сүру сапасы тұрғысынан неғұрлым тартымды өңірлерге, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан, Ақмола, Алматы және Қарағанды облыстарына ерікті түрде қоныс аударады. Мысалы, 2019 жылы Астана қаласына көшіп келген ішкі көшіп – қонушылар 103 570 адам, Алматы қаласына – 58 462 адам, Алматы облысына – 38 760 адам, Оңтүстік Қазақстан облысына – 13 716 адам, Ақмола облысына – 12 252 адам және Қарағанды облысына – 9 137 адам болды. Аталған өңірлерге еңбек мигранттарын жеткізуші өңірлердің үштігіне Алматы (28 965 адам), Оңтүстік Қазақстан (20 446 адам) және Ақмола облысы (20 407 адам) кіреді.




Диаграмма 2. Сыртқы және ішкі миграциядағы жастар бойынша үлесі

Осылайша, Қазақстандағы ішкі көші-қон экономикалық жағдайы барынша белсенді халықтың ауылдардан және экологиялық жағдайы қолайсыз өңірлерден экономикалық жағдайы айтарлықтай қолайлы өңірлерге қарқынды қоныс аударуымен сипатталады, осылайша қабылдаушы өңірлерде еңбекке қабілетті халықтың үлесін ұлғайтады.

Аймақ басшылары халықтың, әсіресе жастардың өңірден тыс жерлерге кетуін азайту бойынша шаралар қабылдауда. Халықты ұстау үшін облыстың оң имиджін жасау, жоғары білім алу мүмкіндіктерін жасау қажет. Жастар саясатының көші-қонды азайтуға бағытталған міндеттерінің бірі ретінде 2020-Стратегиясында жастарды қолжетімді және сапалы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету міндеті көрсетіледі. Бұл ретте өңірлік билік ақпараттық-насихаттық және экономикалық сипаттағы шараларды пайдаланады. Оларға мектеп түлектері тестілеу нәтижелері бойынша жоғары балл алған және білім алу үшін облыстың мемлекеттік ЖОО-ын таңдаған – әкімдік стипендияны енгізу, сондай-ақ жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мамандығы бойынша белгілі бір уақытты өтеу міндеттемесімен педагогикалық мамандықтар студенттеріне әлеуметтік стипендияларды төлеу жатады.

Еңбекпен тапшы өңірлерде демографиялық ахуалды тұрақтандыру жөніндегі мәселелерді шешу үшін еңбек күші көп өңірлерден азаматтардың қоныс аударуын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру көзделген.

Еңбек күші мол өңірлерде еңбек нарығын басқару жүйелік сипатта болуы және мынадай қағидаттарға жауап беруі тиіс:

- мемлекеттің Жұмыспен қамту құрылымын қалыптастыру жөніндегі міндеттілігі;
- қоғамдық қажеттіліктерге және нарық талаптарына сәйкестігі;
- жұмыс күші мен жұмыс орындарын ұсыныстардың теңгерімділігін қамтамасыз ету;
- жұмыс орындарын құру және қолданыстағы жұмыс орындарының тиімділігін арттыру;
- еңбек және зияткерлік әлеуетін қалыптастыру;
- кадрларды оқыту, даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;
- халықтың кедейлігін төмендету және өмір сүру деңгейін арттыру.

Ұлттық сарапшылар жүргізген бағалауға орай 2050 жылға қарай мемлекеттегі халық саны шамамен 24,5 млн. адамды құрайды, ағымдағы үрдіс кезінде солтүстік өңірлердің халық саны 0,9 млн. адамға азаяды, оңтүстік өңірдің халқы 5,3 млн. адамға артады. Бұл ретте, оңтүстік өңірлердегі халықтың орналасу тығыздығы солтүстікпен салыстырғанда 4 есе артық болады. 2021 жылы солтүстік өңірлерде халқының саны 2 млн. 943 мың адамды құраса, 2023 жылы – 2 млн. 945 мың адам, 2022 жылы – 2 млн. 950 мың адам, яғни іс жүзінде өзгерген жоқ, ал оңтүстік өңірлерде керісінше, халық саны 132 мың адамға өсті (2019 жылы – 6 млн. 482 мың, 2022 жылы – 6 млн. 505 мың адам, 2017 жылы – 6 млн. 614 мың адам)[7]. Осыған орай, Үкімет азаматтары еңбек күші айтарлықтай жетерлік өңірлерден еңбек күшін талап ететін өңірлерге халықты қоныстандыруға көмектесу арқылы еңбек ресурстарын аймақтарда ынталандыру туралы шараларды қабылдауы тиіс. Шетелдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, еңбек нарығындағы мәселелерді шешу үшін Еңбек ресурстарын дамыту, жұмыс күшіне деген сұранысты ұлғайту (жалақыны/жұмыспен қамтуды субсидиялау, қоғамдық жұмыстар), еңбек нарығы институттарының қызметін жетілдіруді қажет етеді.

Қорытынды

Халықаралық тәжірибеде ішкі көші-қонды ынталандыру шаралары салық жүйесі арқылы іске асырылады. Қолдау мен ынталандырудың барлық шаралары белгілі бір уақыт аралығында қоныс аударушы мәртебесін растағаннан кейін төленеді [8]. Осылайша, халықаралық тәжірибе ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аударуын ынталандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы үшін мынадай қолайлы шараларды айқындауға мүмкіндік береді:

Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму бағытын таңдау (өнеркәсіпті, кәсіпкерлікті дамыту, әлеуметтік объектілердің құрылысы және инфрақұрылымды дамыту). Ішкі қоныс аударушыларды тартатын кәсіпкерлерге субсидия беру. Жұмыс берушіге субсидия төленеді, ол бағытты қоныс аударушылардың осы өңірде ұзақ уақыт тұрақтауына әсер етеді. Мысалы, Австралияда жұмыс берушілер 7500 АҚШ долларына дейін алуға құқылы [9]. Бұл экономикалық әлсіз өңірлердің белсенді кәсіпкерлермен толығына әсер етеді.

Қазақстанда көші-қон процесінің барлық қатысушылары үшін ынталандыру шаралары айқын және ашық түрде жүруі тиіс. Егер ынталандырудың нақты бағыттар мен жоспары дұрыс жасалмаған жағдайда халықты нақты белгіленген бағытқа көшіру қиын болмақ.

Қаржыландыру. Зерттеуді «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті» мемлекеттік мекемесі АР23486745 «Отбасылық-неке-лік қатынастардағы әлеуметтік трансформация: қазақстандық қоғамдағы этникалық контекст» ғылыми жобасы аясында қаржыландырды.

Авторлардың қосқан үлесі:

Е. Арғынбек – зерттеудің тұжырымдамалық жоспарлауы мен кіріспе бөлімді, бастапқы деректерді талдауда шешуші рөл атқарды.

Н.О. Байгабылов – әдебиеттер шолуы мен зерттеу бөлімі бойынша деректерді тәптіштеуде және қорытынды бөлімді жүйелеуге үлес қосты.

А. Абуова – әдебиеттерді шолуда, қорытынды бөлімде өзіндік тұжырымдар жасады. Барлық автор мақаланы редакциялады, өзіндік үлесі бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Зинченко Н.Н. Миграция. Халықаралық теория және тәжірибе // Внешторгиздат, 2003. – 85-89 б.
2. Дарендорф Р. Жаңашыл әлеуметтанулық қақтығыстар. Мәскеу, – М., 2009. – 123-124 б.
3. Abbott W.F., Schmid C.F. University Prestige and First-Time Undergraduate Migration in the United States // Sociology of Education. Vol. 48. No 2. Agasisti T., Dal Bianco A. -2022.-69-71 б.
4. Ұлттық статистика бюросы, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі <https://stat.gov.kz/>.

5. Демографический ежегодник Республики Казахстан, 2024 г. Статистический сборник. Астана, 2024. -137 с.

6. Орталық Азиядағы көші-қон саясаты: талдау және көші-қонға тигізетін әсері//URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/external_youth_migration_ru. (қараша 2020 (in Russian) (электронды ресурс).

7. Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Вопросы переселения казахстанцев с юга на север обсудили в Петропавловске, [<https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/42329?lang=ru>], 20 ноября 2021 -215-217 б.

8. Westin Ch. Young People of Migrant Origin in Sweden // International Migration Review// URL:<https://doi.org/10.1111/j.1747-7379.2003.tb00167.x>

9. Масанов Н.Э. Взаимодействие миграционных систем молодежи Казахстана и Средней Азии// Современные этнополитические процессы и миграционная ситуация в Центральной Азии./Под ред. Г. Витковской. -М.: Центр Карнеги, 2022.-189-192 б.

Е.Арғынбек¹, Н.О.Байгабылов², А.Абуова²

¹Аналитический департамент Совета Безопасности Республики Казахстан, Астана, Казахстан

²Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Тенденции внутреннего миграционного процесса в Казахстане

Аннотация. В статье исследуются основные причины внутренней миграции молодежи Казахстана. Особое внимание в исследовании уделяется изучению факторов, способствующих внутренней миграции молодежи. Основанием для проведения анализа послужили исследования, проведенные в настоящее время среди молодежи, перемещенной внутри страны. По результатам опроса выявлены основные причины, влияющие на внутреннюю миграцию, сформулированы основные тенденции. Миграционные процессы способствуют объяснению факторов и причин, влияющих на внутрирегиональную и межрегиональную миграцию. В этой статье обсуждается трудовая миграция, особенно молодежи, поскольку большинство мигрантов — молодые люди в возрасте от 15 до 35 лет. С каждым годом число мигрантов растет. Миграционные процессы порождают ряд этносоциальных проблем, таких, как параллельные культуры и параллельные общества в другой этнической среде.

Сегодня модели постоянной миграции молодежи постепенно вытесняют практики временных и круговых движений. В широком спектре направлений общественной жизни, регулируемых деятельностью государства, миграционная политика является одной из самых сложных проблем для нашей страны.

Молодежная миграция – это, прежде всего, отдельное самостоятельное направление исследований, связанное с ее образованием. К тому периоду, когда было принято первоначальное решение о миграции с целью получения образования, внимание постепенно переходит к самому молодому поколению. Такое решение оказывает огромное влияние как на дальнейшую жизнь молодого человека, так и на пространственное распределение человеческого капитала в целом. Конкуренция за лучшую молодежь становится важным фактором развития регионов.

Ключевые слова: миграция, демография, население, трудовые мигранты, денежные переводы, миграционный поток, рабочая сила, миграционные процессы.

E. Argynbek¹, N. Baigabylov², A. Abuova²

¹Analytical Department of the Security Council of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

²L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Trends in the internal migration process in Kazakhstan

Abstract. The article examines the main causes of internal migration of young people in Kazakhstan. Special attention is paid to the study of factors contributing to the internal migration of young people. The analysis was based on research currently conducted among internally displaced youth. According to the results of the survey, the main causes affecting internal migration have been identified, and the main trends have been formulated. Migration processes contribute to the explanation of the factors and causes affecting intraregional and interregional migration.

This article discusses labor migration, especially youth, since most migrants are young people between the ages of 15 and 35. The number of migrants is growing every year. Migration processes create and prevent a number of ethnosocial problems in other ethnic environments, such as parallel cultures and parallel societies.

Today, models of permanent migration of young people are gradually replacing the practices of temporary and circular movements. In a wide range of areas of public life regulated by the activities of the state, migration policy is one of the most difficult problems for our country. Youth migration is, first of all, a separate independent area of research related to its education. By the time the initial decision to migrate for education was made, attention is gradually shifting to the youngest generation. Such a decision has a huge impact both on the future life of a young person and on the spatial distribution of human capital in general. Competition for the best youth is becoming an important factor in the development of regions.

Keywords: migration, demography, population, labor migrants, money transfers, migration flow, labor force, migration processes.

References

1. Zinchenko H.H. Migration of the population. Theory and practice of international legal regulation // Vneshtorgizdat, 2003. - 85-89
2. Darendorff R. Modern social conflicts. Essays on politics and freedom.: M., 2009. – 123-124.
3. Abbott W.F., Schmidt C.F. University Prestige and First-Time Undergraduate Migration in the United States // Sociology of Education. Vol. 48. No 2. Agasisti T., Dal Bianco A. -2022.-69-71 p.
4. Bureau of National Statistics, Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms <https://stat.gov.kz/>.
5. Demographic Yearbook of the Republic of Kazakhstan, 2024 Statistical collection. Astana, 2024.-137 p;
6. External youth migration in Central Asian countries: risk analysis and minimization of negative consequences//URL: https://publications.iom.int/system/files/pdf/external_youth_migration_ru . (date of access: November 2020 (in Russian) (electronic resource).
7. The Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan. The issues of resettlement of Kazakhstanis from the south to the north were discussed in Petropavlovsk,

[<https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/42329?lang=ru>], November 20, 2021.-215-217 p.

8. Westin Ch. Young People of Migrant Origin in Sweden // International Migration Review// URL:<https://doi.org/10.1111/j.1747-7379.2003.tb00167.x>

9. Masanov N.E. Interaction of migration systems of youth of Kazakhstan and Central Asia./Modern ethnopolitical processes and the migration situation in Central Asia./Edited by G. Vitkovskaya. -M.: Carnegie Center, 2022.-189-192 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Е. Арғынбек – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі аналитикалық департамент басшысы, Астана, Қазақстан.

Н.О. Байгабылов – хат-хабар авторы, PhD, әлеуметтану кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

А.Д. Абуова – PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах

Е. Арғынбек – Руководитель аналитического департамента Совета Безопасности Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Н.О. Байгабылов – автор-корреспондент, PhD, доцент кафедры социологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

А.Д. Абуова – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Е. Argynbek – Head of the Analytical Department of the Security Council of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

N. Baigabylov – the corresponding author, PhD, associate professor department of sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

A. Abuova – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.